

## АНАЛАРДЫ АРДАҚ ТҮТҚАН АСЫЛ ТҮЛҒА – ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ

**Ширинбеков Дастан Медетбек ұлы**

Шыршық мемлекеттік педогогикалық университеті  
“Қазақ тілі және әдебиеті” бағытының II курс студенті.

**Байзаков Жандос**

Ғылыми жетекші:

Шыршық мемлекеттік педогогикалық университетінің ұстазы,  
доцент, Phd докторы.

### АННОТАЦИЯ

XX ғасырда өмір сүріп сүріп, өзінің көркем шығармалары мен қатар қайталанбас туындылары арқылы қазақ әдебиеті дамуында өшпес із қалдырған ірі тұлға, аналарымызды ардақ тұтқан ғасыр перзенті болған – Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов. Ғ. Мүсірепов - әйгілі жазушы, драматург, көркем сөз шебері және сыншы, мемлекет пен қоғам қайраткері ретінде халық арасында орасан зор атаққа ие болған қазақ әдебиеті дамуында өшпес із қалдырған дарынды тұлға.

**Кілт сөздер:** ақын, жазушы, драматург, молда, пейзаж, диалог, әңгіме-повесть.

### ABSTRACT

Gabit Makhmutovich Musrepov, who lived in the twentieth century and left an indelible mark on the development of Kazakh literature through his artistic works and unique works, was a child of the century who honored our mothers. G. Musrepov is a famous writer, playwright, master of the artistic word and critic, a talented person who left an indelible mark on the development of Kazakh literature, having gained great fame among the people as a state and public figure.

**Keywords:** poet, writer, playwright, Mullah, landscape, dialogue, story-story.

Ғ. Мүсірепов 1902 жылдың наурыз айының жиырма екінші жұлдызында, яғни, Ұлыстың Ұлы күнінде, қазіргі Солтүстік Қазақстан уәлаяты, Жамбыл ауданы, Жаңажол ауылында дүние есігін ашады. Орта жүз елінің керей тайпасына қарасты Сыбан руынан шыққан. Ғабит бала кезінен білімге құштар болып өсті. Алғаш сауатын ауыл молдасынан арабша хат танығаннан соң, кейінірек, өз білімін ауылдық екі жылдық орыс мектебін бітіріп, одан төрт жылдық жоғары деңгейдегі орыс мектебінде оқып өз білімін тереңдете түседі.

Орыс мектебінде оқып жүріп, өзінің әрі зеректігі, әрі дарындылығымен көзге түсіп келді. Орыс ақын-жазушыларының шығармаларын оқып, үйренуде оған ауыл мектебінде сабақ берген мұғалім Бекет Өтетілеуовтің еңбегі мол сіңеді. Осы ұстазының арқасында Ғабиттің әдебиетке деген ықыласы арта түседі.

Ол 1923-1926 жылдары өз білімін жетілдіру үшін Орынбор қаласында оқиды. Ғабит Орынбор қаласында оқып жүрген жылдары оның әдебиетке деген көзқарасы өзгере бастады. Бұған оның қазақ әдебиетінде ерекше орын иелеген қазақ жазушылары мен танысуы қатты әсер еткенді. Ғабит Орынборда оқып жүріп белгілі ақын-жазушылар Сәбит Мұқановпен, одан кейін Сәкен Сейфуллинмен танысты. Бұл екі дарын болашақ халық жазушысының қолына қалам алып, қайталанбас туындылар жаратуында негізгі рөл атқарды. Ғабит Мүсірепов өзінің мазмұнды да, бақытты ғұмыр жолында көптеген мемлекеттік мекемелерде атақты қызметтерді атқарды. Атап айтқанда, Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы, «Ара – Шмель» журналының бас редакторы, Қазақ мемлекеттік баспасының бас редакторы, «Қазақ әдебиеті» және «Егемен Қазақстан» газеттерінің бас редакторы қызметтерінде белсенді еңбек еткен, қазақ әдебиеті дамуында орасан үлкен үлес қосқан.

Өзінің халық мұңын сыр шерткен шығармаларымен халқымыздың жүрегінен өшпес із қалдыра білді. Оның қалам алды туындылары мен өшпес мұраларының қазіргі қазақ әдебиетіндегі алатын орны мен атқаратын рөлін төменде таныстырып кетеміз.

Ғабит Мүсіреповтің ана жайлы жазылған әңгіме-повесттері өте молшылық болып табылады. Оның бұл тақырыптағы шығармалары әртүрлі кезеңдерде жазылса да, өзінің идеялық көзқарасы мен анаға сүйіспеншілік сезімдерін ешқашан жоғалтқан емес. Оның мұндай шығармалары оқырман арасында әр заманда да ең көп талқыланатын туындылар қатарында болып келген. Оның шығармаларының жиынтығы мен біз оның анаға деген көзқарасы мен бірге нәзік сезімдерінің молдығына кең назар аударамыз. Ғабит өзінің шығармаларымен қазақ әйелі көркемдік бейнесі мен ішкі жан-дүниесін қалам арқылы қағаз бетіне түсіре алған алғашқы қаламгерлердің бірі болып табылады. Ол бір емес бірнеше әңгімелерімен қазақ әйелінің түрлі ауыр кезеңдердегі ақылымен, сабырлылығымен нақты әрі тиімді шешімдер қабылдай алғанына көз жеткіземіз. Болашақ ұрпақ үшін осындай шығармалардан өрнек алуына жол ашқандай боламыз.

Осы арада Ғабит Мүсіреповтің «Ананың анасы» атты шығармасына кішкене тоқталу жасап кетейік. «Ананың анасы» - 1933 жылда басылып шыққан Ғ. Мүсіреповтің ана құдіреті жайлы жазылған алғашқы туындыларының бірі болып табылады. Бұл шығарма негізінен ел арасында кеңінен тараған аңыздан алынған.

Онда Жалпақ балуанның Ергенекті еліне шабуыл жасауынан басталады. Негізгі оқиға осы шабуыл кезінде қызын құлдыққа алып кете жатқан ананың қызын аман сақтап қалуға болған іс-әрекеттері кеңінен ашып беріледі. Ананың даналығы мен сөзге шешендігінің арқасында батырдан қызын аман сақтап қалады. Тіпті, қызын құлдыққа, өзін күндікке алып кетпекші болған шапқыншылардың көңілдеріне сыр салып, қызын азат сақтап қалу үшін бойындағы бар ізгі қасиеттерінен пайдаланады. Әңгіме соңында, қызын аман сақтап қалған ана батырды да сөзден жеңіп, еліне қайта оралады. Әйел адамға сөзден жеңілген батыр намысқа шыдай алмай қатты мазасызданып талып құлайды. Ондағы жолдастары батырды еліне аман жеткізу үшін, ұрлап келе жатқан жылқыларын тастап, батырдың жалғыз өзін елге арқалап, зорға жеткізеді.

Ғабит Мүсіреповтің ана жайлы жазылған – «Өлімді жеңген ана», «Ақлима», «Ашынған ана», «Ананың арашасы», «Әмина», «Ер ана», «Ана жыры», «Ана» атты шығармалары бар. Бұл шығармаларын Ғабит аналардың мейіршапағатымен қоса, балаға деген жылы лебіздерін, жасаған ізгі амалдары мен бойындағы қайталанбас қасиеттерін, перзентке деген махаббатын өте бейнелі етіп жазып қалдырған болатын. Оның алғашқы әңгімелері М. Горкийдің сарынымен алынса да, ондағы әйел образдарында қазақша қасиеттері басымдау болып келеді. Бұл шығармалардағы Ақлима мен Қапия образдары Ғабит Мүсірепов қаламынан туған ерекше ана образдары болып табылады. Бұл образдарда қазақ халқының тұрмыс-салты, тіршілігі, көрген-білгендері, қайғылы мен бақытты күндері қатарласа орын алып, бай мазмұн мен мол тәрбиелік мәнге ие болады. Сонымен қатар әйел бейнесін асқақтатып көрсету арқылы жас оқырмандарға өмірде де ананың орны жоғары болуын, оның махаббаты мен кеңпейілділігін ешбір затқа теңеу мүмкін емес екендігін ашық-айқын суреттеп береді.

Қорыта айтқанда: Ғабит Мүсірепов қазақ әдебиетінің соғысқа дейінгі әрі соғыстан кейінгі кезеңдердегі дамуында өшпес із қалдырған өзінің көрнекті шығармаларымен халық жүрегінің төрінен орын алған халық жазушы, көрнекті қаламгер. Оның шығармаларын күні бүгінге дейін халық арасында сүйсініп оқиды. Ғабиттің ана жайлы, халықтың тұрмысы, тіршілігі жайлы туындылары сан жылдар өтсе де, өзінің әдеби-тарихи құны мен мазмұнын сақтап келуде. Біз болашақ ұрпақ жастарында осындай ұлы тұлғалардың ұрпағы болудан асқан мақтаныш бар ма...

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ: (REFERENCES)

1. Қазақстан жазушылары. Анықтамалық. Алматы, «Жазушы» баспасы, 1982.
2. Қазақ шежіресі. 2 том. Орта жүз – Жанарыс, Теңізбай Үсенбаев.
3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.
4. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005.